

Білік

www.psu.kz



№2 (184)

29 ақпан 2016 жыл

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

ПМУ: әлемдік деңгейге бетбұрыс

Бүгінде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті үздіктер қатарында. Жуырда ғана ПМУ оқу порталы жоғары оқу орындары сайттарының әлемдік «Вебометрикс» рейтингісі бойынша елімізде және Орта Азия елдері жоғары мектептері арасынан үздік бестіктен көрініп, топ жарды. Соңғы жылы альма-матер тек Қазақстанда ғана емес, жаһандық деңгейде танылуда. Университет ректоры Арын Өрсариевтің айтуынша, бұл тек бастамасы ғана.



– Арын Амангелдіұлы, былтыр сіз бұл кабинетке ректор ретінде алғаш аяқ бастыңыз. Сол уақытта не сезіндіңіз?

– Бірінші кезекте жауапкершілікті сезіндім. ПМУ – тек оқу мекемесі ғана емес, өңірдегі кадрларды дайындау жүйесіндегі жүйе құрушы құрылым.

Біздің университет Павлодар өңірінің дамуына, оның басқару және инженерлік-техникалық элитасының қалыптасуына ерекше ықпалы бар. Бұған сандар дәлел. Әрбір ҰБТ тапсырған азамат ПМУ-ға оқуға түседі, нәтижесінде ПМУ-дың әрбір үшінші түлегі – басқарушы, әрбір екінші инженерлік-техникалық және мемлекеттік қызметкерлер.

– Биылғы жыл сіз үшін қандай болды? Алға қойған мақсат-міндеттеріңіз жүзеге асты ма?

– Әлеуметтік сауалдар бойынша облыс әкімінің орынбасары болып қызмет етіп жүрген уақытта ПМУ-ға бірнеше рет келгенмін, ал конкурстан өтіп, ректорлық қызметке тағайындалғанда менің алдымда айқын мақсаттар болды.

Біздің оқу ордамыз Павлодар облысының әр саласына ықпал ете алады. Біз бұл іске әр студентіміздің, ғалым мен қызметкеріміздің атсалысқанын қалаймыз.

Бұл үшін мен алдыма

негізгі төрт мақсатты қоямын. Біріншіден, біздің түлектердің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіші жұмысқа орналасумен ғана шектелмей, негізгі еңбек ақысының тұрақты өсуімен өлшенетініне сенімдімін. Бір жыл бұрын осында келгенімде, 2014 жылғы түлектеріміздің соңғы сегіз айдағы орташа еңбек ақысын есептедік. 65,6 мың теңге шықты. Жабыла атқарған еңбегіміздің арқасында бұл көрсеткішті өсірдік. Қазіргі күні бұл сан 87 мың теңге болды.

Екінші мақсат – біздің оқытушылар бүгінгі еңбек ақысынан да көп ақыға қол жеткізгенін қалаймын. Бұл мақсатта біз ғалымдарымызды бүгінгі нарықтың қажеттіліктеріне сай бағыттап отырмыз. Нәтижесінде, зерттеуге қаражат бөлетін адамдар оның құнын түсініп, бұрынғы берілетін қаражаттан көп беруде. 2013-2014 жылдары ғалымдарымыз шамамен жалпы саны 100-120 миллион теңге тапса, ал 2015 жылы бұл сан 160 миллионға дейін жетті. Бұл да әлі жеткіліксіз.

Бізге зерттеулерімізді коммерциялық негізде көбейтуді немесе өз өнертабыстарымызды коммерцияландыруды қолға алу қажет. Мен университетте осы істі дамытқым келеді. Біз неғұрлым өзіміздің білімімізді сата білсек, соғұрлым оларға нарықта қажеттілік туады,

және біз студенттерімізге сапалы білім береміз, оқытушыларымызды одан әрі ынталандырамыз.

Үшінші мақсат – халықаралық ғылымға ықпалдасуымыз қажет. Бұл үшін біз әрдайым өз зерттеулеріміздің нәтижесін танымал халықаралық басылымдарға жариялап отыруымыз керек. Бұл бағытта да біз көп болмаса да тұрақты өсіп келеміз.

Ал барлық университеттердің негізгі наны – студенттер турасында айтар болсам, 2015 жылы біз алдағы оқу жылынан қарағанда 20 пайыз артық талапкерлерді жинадық. Бұл – жеңіс. Алайда, бұдан да көп нәтижеге жеткіміз келеді. Айта кетерлігі, біз бұл жағынан тек павлодарлық жоғары оқу орындарымен ғана емес, астаналық, алматылық, омбылық, томбылық және новосібірлік, сондай-ақ, Қытай, Германия, Чехия оқу орындарымен де бәсекелес екенімізді ұмытпағанымыз жөн. Шамамен 20 пайыз мектеп түлектері облыстан кетеді, алдағы уақытта біз бұл санды азайтқымыз келеді.

– Сіз қазақстандық және шетелдік (Сорбона) ЖОО студенті болдыңыз. Әрине, бұл оқу орындарын салыстыруға келмес, дегенмен, бұл екі жүйенің қандай кемшіліктері мен артық тұстарын атап өтер едіңіз.

– Бірден айта кетейін, батыстық білім беру жүйесін үздік деп өсте, айтуға болмайды. Қазіргі таңда оқытудың сан алуан әдістемелері бар. Мәселен, Оксфорд және Кембридж – бұл оқу орындары зерттеу жұмыстарына ден қойған жеке білім беру бағытын ұстанады. Гарвард – «кейстер» патшалығы, студенттер дәрістер мен семинарлар тыңдап қана қоймай, зерттеу саласындағы үздік мамандардың нақты өмірлік тәжірибелерін талқылайды. Жалпы, жақсы америкалық мектептер инновация арқылы қаржат табуды көздейді. Ал оқытушылар онда дәріс беруді емес, жақсы жобаларды қаражат көзі етеді. Біз де осы жолмен жүргіміз келеді.

Заманауи қазақстандық мектеп – ұстаз-ғалым және оқытушы екі мамандығын бөлек қарастыратын кеңестік дәстүрлі мектептің жалғасы деп саналады. Тарих осылайша өрбіді, бізде Ғылым академиясы ғана ғылыммен айналысты, ал батыста – университеттер ғылыммен айналысады. Міне, бұл кеңестік білім беру жүйесінің ерекшелігі. Қазір біз өзге білімді, оқулықтарды алып, осында оқимыз. Бұл, жалпы, қалыпты жағдай. Егер біз алға қарай жылжуды және қаражат табуды мұрат етсек, онда біз өз білімімізді жасауымыз қажет.

– Бұл жерде мен сізбен

келісемін, өкінішке орай, көп жағдайда жоғары оқу орындарында ғылым кейінгі орынға жайғасады. Ғылыммен айналысып жүргендер көп уақытын студенттерді оқытуға жұмсайды, өнертабыстардың көбісі тәжірибеге енгізілмей, шаң басып жатады. Бірақ бұл мәселеге сіздің көзқарасыңыз басқаша.

– Мүлде басқа. Біз тек зерттеу жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, зерттеулік-кәсіпкерлік бағыттын ұстанатын университет болғымыз келеді. Бұл үшін біз барлық бірінші курс студенттерін халықаралық деңгейде кәсіпкерлікке оқытамыз. 2015 жылдың күзінен бері бізге Селиконды алқаптағы Крол институтының директоры Алекс Крол дәріс оқуда. Арнайы курс тәмамдаған мұндай адамдар бір орында тұрмай, алға жылжуды мақсат етеді. Студенттер де, қызметкерлер де кәсіпкерлікпен айналысып, қаржат тапқанын дұрыс санаймын. Мен университетке келгенімде бизнеспен айналысып жүрген төрт-бес студент ғана еді, қазір олардың саны жиырмаға жетті. Биылғы оқу жылының соңында бұл сан тағы өседі деп ойлаймын. Қазірдің өзінде ПМУ-дың әрбір үш жүзінші студенті кәсіпкер. Асылында, біз түлектердің жұмыс іздемей, өздеріне және басқаларға жұмыс орындарын құрушы болғанын қалаймыз.



Сондай-ақ, университет қабырғасында жасалып жатқан зерттеулер бірінші кезекте қоғам игілігіне жарауы қажет. Бүгінде Павлодардың басты үлкен мәселесі – экология. Жақында университет қабырғасында экологиялық технологиялар жөніндегі құзырет орталығы өз жұмысын бастады. Біз тәжірибеге енгізуге дайын он шақты жұмысты дайындадық. Мәселен, металл кендеріндегі алюминий зауытының қалдықтарын өңдеу әдісі. Біздің өңірдегі басқа да өндіріс орындарына мысалы, «Кастинг», «KSP Steel» кәсіпорындарының қажетіне жарап қалар. Мұнымен қоса, біз көмір шаңын брикеттеуді де іске асырамыз. Тағы бір жоба – мұнайды өңдеу процесіндегі қажетті катализаторлар. Бұл жоба ПМХЗ шығаратын зиянды қалдықтарды азайтуға бағытталған. Мақсат – технологияларды тәжірибеге енгізу. Бұл технологияларды енгізу және сатып алу үшін қаражат салуға біздің кәсіпорындардың келісімі де бар.

– Мұның бәрі ПМУ-дың Қазақстанның үздік университеттері қатарында болуына ықпал ететіні сөзсіз...

– Ия, ПМУ Қазақстан университеттерінің үздік бестігіне кіреді. Бұл қазақстандық өлшем бойынша өте жақсы баға. Бірақ, бізге алға жылжу керек. Жанымызда әлемнің 400 үздік университеттері қатарындағы Новосібір, Томбы университеттері бар. Бұл біз үшін ең үздік көрсеткіш емес. Бізге Томбы, Омбы, Барнауыл, Астанамен бәсекелес болу үшін жан-жақты даму керек, мықты серіктестеріміздің болғаны абзал. Сол себепті біз Стэнфордпен қарым-қатынас орнаттық, биыл күзде бізге жаһанның үздік отызыдығы қатарындағы Дьюк, Колумбия, Оксфорд, Кембридж университеттерінен оқытушылар келді. Сонымен қатар, біздің үздік ресейлік және азиялық университеттермен де ынтымақтастығымыз артауда. Біз серіктестерімізден ең жақсылары мен үздіктерін алып,

жоғары деңгейге өсуіміз қажет.

Егер сіздер әлемнің алғашқы 100 университеттерін қарап отырсаңыз, оның көбісі ағылшынтілді оқу орындары екенін байқауға болады. Сондықтан, біз ағылшын тілі деңгейін көтеру мақсатын межеге қойдық. Ағылшын тілін үйренудің қосымша курстары және TOEFL орталығын құрып, TOEFL-ді тапсыру мүмкіндігін енгіздік. Білімді іске асыру мақсатында «Болашақ» орталығын аштық. Біз студенттерге осында білім беріп қана қоймай, ары қарай дамуына жол сілтеп, бағыттаймыз. Бұл – біздің интернационалдыру бағытындағы басты міндет. Ол тек студенттерге ғана емес, оқытушыларға да қатысты.

Енді, артықшылығын айттайын: шетелдік оқытушылар мен студенттерді біз өзімізге көптеп шақырар болсақ, халықаралық ұйымдардан қаржы тартып, сәйкесінше, материалдық-техникалық базамызды нығайтып, студенттерге беретін білімнің сапасын арттыра түсетініміз анық.

– Сіз облыс әкімінің орынбасары бола жүріп Қазақстан жастары конгресін басқардыңыз, жастар саясаты мәселелерін шешуге атсалысып жүрдіңіз. Бір сөзбен айтқанда, сіздің кәсіби жолыңыз әрдайым жастармен байланысып келді.

– Ия, бұл менің қазіргі жұмысыма көп септігін тигізіп жатыр. Мен студенттерді түсінемін, олардың мәселелерін білемін, мемен өмір сүріп, қызығушылығы не екенін білемін. ЖОО оқу үрдісін бақылау және қамтамасыз етумен ғана айналысып қоймай, жас азаматтардың өміріне араласып, олардың бос уақыттарын пайдалы өткізуіне, қаражат табуына, өз ісінің маманы ретінде қалыптасуына және жақсы азамат болуына себепші болуы керек деп есептеймін.

Ал жастар саясатының дамуына келер болсам, жастарды үш топқа бөлер едім: девиантты, конструктивті және бәсекеге қабілетті. Кез келген жастары бар ұжымның міндеті – девиантты жастардың азай-

ып, бәсекеге қабілеттілердің көбейуін қамтамасыз ету. ПМУ-да белсенді және бәсекеге қабілетті жастар білім алуда. Олардың әрбір жүзіншісі әртүрлі спорттық, шығармашылық, зияткерлік және басқа да байқаулардың жеңімпаздары. Менің міндетім – бұл санды ұлғайту. Сол себепті, біз көшбасшылық курсы, тренингтер өткізіп, жастар ұйымын дамытудамыз. Олардың саны 12 еді, қазір сандары артып келеді. Дегенмен, әңгіме ұйымдардың санында емес, тегінде олардың қаншалықты жастрады өз жұмыстарына тарта алуында, жұмыс сапасында. Біз сапаны арттыруға көп мән береміз.

– Руханият, ұлттық мәдениет, азаматтық белсенділікті дамыту және оны насихаттауда ПМУ-дың ролі маңызды екені белгілі. ЖОО одан әрі қарай да осы мұраттарын дамыта бермек пе?

– Әрине, біз тоқтаған да емеспіз. Біз белгілі жерлесіміз Әлкей Марғұланның энциклопедиясын жазып жатырмыз. Ол Қазақстан тарихы, этнографиясы, этнологиясы үшін көп еңбектер жасап кетті. Сонымен бірге, Жүсіпбек Аймауытов бойынша зерттеулерімізді жалғастырып келеміз. Бұдан өзге, бізде Мәшһүр Жүсіп атындағы ғылыми-практикалық орталық жұмыс жасайды. Бұл жұмыстар жасала бермек, ал нәтижесі қоғам игілігіне табыс етілетін болады.

Біз университет ретінде руханиятқа өз үлесімізді қосуды жалғастыра береміз. Қоғам біздің руханият пен мәдениет бағытында атқарған істеріміздің жемісін: ажырасудың азаюуы, отбасының беріктігі, еңбек сапасының артуы, қылмыстың азаюы, патриотизмнің артуы және Павлодар облысынан кеткісі келмейтін қимастық сынды қасиеттерге көзайым болса игі. Өйткені, бізде өмір сапасы жоғары, жұмыс орындар бар. Мен бұл жақтан көшіп кетіп жатқан адамдарға қарап, қынжыламын.

– Сіз бұл өңірдің тумасы болмасаңыз да бұл жерге туғанындай бауыр басып кеткендейсіз. Сізді тыңдап отырып, Павлодарға деген сүйіспеншілігіңіз басым екенін аңғарамын. Мен қателеспеймін бе?

– Мен жалпы кім қайда туылып, қайда тұрып жатса да, Қазақстанның патриоты болуды өркімнің парызы деп санаймын. Бұл біздің жалпы ортақ Отанымыз. Менің тамырым Алматы қаласында жатыр, алайда, соңғы жылдары Павлодар облысы маған туған елімдей жақын, себебі, осында өркен жайып келемін. Павлодарда менің қызым дүниеге келді, ұлым алғашқы қадамдарын осында жасап, өсіп келеді, үлкен қыздарым павлодарлық мектептерде білім алуда. Мен сізге айтайын, олардың ешқайсысы Павлодардан кеткісі келмейді. Бұл қала – біздің туған қаламыз. Біз павлодарлық болып кеттік, біз Астанада, Алматыда ұзақ жата алмаймыз. Онда болғанымызда балаларым: «әке қашан үйге барамыз» деп мазамды алады. Павлодардың Ертіс өңірі – бұл ерекше мекен. Мұнда тамаша адамдар тұрады. Біз өндірістік орталық болғандықтан, 90-ыншы жалдардағы қиындық басқа өңірлерден қарағанда

бізге ауыр тиді. Бірақ, бұл қиындықтар бізді шыңдай түсті. Содан болар біз қиындықтардың бетіне қарап, жеңіске жетеміз. Бұл өңірдің тұрғындары жарқын болашағына сенеді, еш қиындыққа қарамастан жақсыдан үмітті. Біз оптимистік. Менің ойымша, бұл біздің ең мықты қасиетіміз.

Қаланың ең әдемі жерлері туралы сағаттап айтуға бармын. Павлодарда мені туған мекені жайында әңгімесімен баурап алатын жандар бар, мен оларды құрметтеймін, олармен доспын.

Мен Потанин атындағы музейді жақсы көремін. Қандай қонағым болса да сол музейге алып келемін. Онда қызықты экспонаттар көп. Соларға қарап, Павлодар облысының ғана емес, Қазақстанның, әлемнің, өркениеттің тарихын зерттеп, зерделеуге болады. Ондағы таныстырушылар қандай, десеңші! Бұл Қазақстанның өлекетану музейлерінің ішіндегі ең үздігі. Мен өзім онда жиі болғандықтан ба, өзім де төрт сағат бойы экскурсия жүргізуге дайынмын.

Мен павлодарлық театрларды ұнатамын. Осында келместен бұрын өзімді театрды сүйетін азаматпын деп айта алмас едім. Театрға деген махаббатым Чехов атындағы драмалық театрдан басталды. Мен Виктор Валентинович Авакумовты құрметтеймін және ол кісіні Қазақстандағы театр менеджерлерінің үздігі деп есептеймін. Ол экономика мен шығармашылық арасындағы жікті тамаша ұштастыра білді. Оның ұжымы береке мен бірліктің ұйытқысы болып келеді. Онда келушілер санына астаналық театрлардың өздері қызыға қарайтыны шын. Өйткені, репертуары, режиссерлері, авторлары бәрінен ерекше!..

Мен Юрий Димитревич Поминовті ерекше құрметтеймін. Оның еңбектерін барлығына оқуды кеңес беремін. Сонымен қатар, Джафар Джафарович Махмұтвлин таныстығыма ризамын. Павлодарлық трамвайлар – оның еңбегінің жемісі. Қанша жыл өтсе де, сағат механизмі секілді әлі күнге дейін жаңылыспай жүріп келеді. Бұл деген таңғажайып емес пе?! Трамвай – Павлодардың ерекшелігі. Ал Әби Сарқыншақұлы Сарқыншақов, Наум Григорьевич Шафер... Бұл кісілер аңыз адамдар. Олармен мен осында таныстым.

Облыс тұрғындары сияқты мен де Баянауылды сүйемін. Тағы да Шарбақты ауданын ұнатамын, әсіресе, талдар бүршік атқан мамыр айында онда ерекше әдемі. Осы уақытта орманға барған қандай, керемет! Және онда Ғабдул-Уахит Хазрет кесенесі бар. Мен ол жақ жылына екі рет барып, жан рахатын сезініп, демалып қайтамын.

Ал Ертіс өзені, қандай әдемі! Бұл Қазақстанның ең ірі өзені. Қарағандылықтар, шымкенттіктер, алматылықтар үлкен өзеннің қандай болатынын білмейді. Сондықтан, қонақтарымызға өзеннің әсемдігін көрсетіп, теплоходпен серуенге шақырамыз. Әсіресе, серуен шетелдіктерге ұнайды. Олар табиғаттың бұл әдемілігін суретке, бейнеге түсіріп, әуре болып жатады. Міндетті түрде қонақтарды павлодарлықтардың армандары орындалатын көпір астына

апаруды да ұмытпаймыз.

– Сіздің бірнеше тілді меңгергеніңіз шетелдік қонақтармен араласуда көп септігін тигізетін болар.

– Ия, мұны үлкен артықшылық деп ойлаймын. Шет тілдерін игеруге деген қызығушылығым мектеп кездерінен басталды. Ол кезде мен француз тілін үйрену тобына барып жүрдім, ал анам ағылшын тілін білгендіктен, мен өздігімнен сол тілді үйрендім. Кейін университетте оқып жүргенімде ағылшын тілін игеріп кеттім. Шетелде жүргенде, аудармашыға жүгінбей-ақ бұл тілде өз ойымды еркін де ашық жеткізе аламын. Сондай-ақ, базалық испан тілін білемін, бұл тіл француз тіліне ұқсас. Мен Кубада бір ай болғанымда, арнайы уақыт бөліп оқыдым. Қазір қытай тілін игеруді қолға алдым. Енді бұл тіл ағылшын тілінен кейінге кең таралған. Оның үстіне, Қытай көршілерімізбен біздің университет ынтымақтастықты нығайтып келеді. Былтыр ПМУ Шанхайда қазақ тілін дамыту орталығын ашты, енді өзімізде қытай тілін дамыту орталығын ашсақ па деп көздеп отырмыз.

– Сіздің тілдерді үйренуден өзге, басқа да қызығушылықтарыңыз бар ма? Және бастысы, сізде осы қызығушылықпен айналысатын уақыт табыла ма?

– Караокеде ән салғанды ұнатамын. Мен әнді жақсы айтпайтын шығармын, дегенмен, жүрегіммен ән саламын. Киноға барғанды ұнатамын. Біз отбасымызбен бірге қалалық мәдени шараларға – театрға, киноға, көрмелер мен концерттерге жиі барып тұрамыз.

Мен барлық бос уақытымды отбасыма арнаймын. Біздің шаңырақта төрт баламыз бар. Менің өмірімдегі ең қуанышты да қымбат сәттер осы балаларымның қасында өтуде. Үйге келгенімде мені бір жарым жастағы кішкентай қызым қарсы алады. Кішкентайымыз қолдан-қолда жүреді, бәрінің еркесі. Оның «әке» деген сөзін естігенде барлық күйзелістер мен мәселелер жоқ болып кетеді.

– Сіздердің жоғары оқу орындарыңыз талапкерлер мен магистранттарды қабылдау бойынша өзінің бәсекелестерін артқа қалдырды, алайда, сіздің көлуіңізбен ақпараттық кеңістікте біздің өңірдегі жоғары мектептердің арасында достық сезіледі. Бұл жөнінде не айтасыз?

– ПМУ, ИНЕУ, ПМПИ және ЕИТИ бәріміз бір ортақ істі жасап жүрміз, бірге екенімізді ұмытпаған жөн. Біз бәріміз де студенттеріміздің сапалы білім алуына, лайықты жұмыспен қамтылып және біздің тұрғындардың облыстан шетелге кетпеуіне мүдделіміз. Біз білім алушыларға, гранттарға келгенде бәсекелеспіз, бірақ, бізде ортақ мақсат – өңіріміздің дамуына өз үлесімізді қосып жатырмыз. Сондықтан, біз шынайы және спорттық бәсекедегідей облысымыз бен еліміздің игілігі үшін тиянақты да лайықты еңбек етуіміз тиіс.

Ксения МИХЕД

Фото: Руфина ТОРПИЩЕВА

Аударған: Жанар ЕЛЕШОВА

«Обзорение недели»,

2 ақпан 2016 ж.

ПМУ САЙТЫ ҮЗДІК БЕСТІК ҚАТАРЫНДА

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің оқу порталы «Webometrics Ranking of World Universities» халықаралық рейтингісі бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орны сайттары арасынан бесінші орынды иеленді.

Webometrics рейтингісіне әлем 20000, Қазақстан Республикасы 102 жоғары мектептердің оқу порталдары қатысты. 2016 жылғы қаңтар айының мәліметтері нәтижесіне сәйкес www.psu.kz сайты Қазақстанның ЖОО оқу сайттары арасынан үздік бестік қатарынан көрінді.

Webometrics рейтингісі университеттердің веб-сайттарының ақпаратпен толығы мен танымалдығына баса назар аударады. «Webometrics» рейтингісі негізгі төрт көрсеткіш бойынша бағаланады.

Presence – ғаламтор кеңістігінде сайттың ұсынылу деңгейі және индекстелген ірі іздеу жүйесіндегі (Google) университеттің веб-парақшасының жалпы санымен өлшенеді.

Impact – аудиторияның парақшадағы мақалалардың мазмұнына қызуғышлық танытуының көрінісі. Бұл бағыт бойынша университеттің веб-парақшасына жасалған сыртқы сілтемелер саны есепке алынады.

Openness – университеттің ғаламтор-ресурстарында жария

болған «құнды» файлдар санының өлшемі. Бұл бағыт университет сайтында жарияланған (pdf, doc, docx, ppt) толық мәтінді файлдарды бағалайды.

Excellence көрсеткіші бойынша ғылыми бағыттағы 10 пайыздай жиі сілтеме жасалған университеттің ғылыми мақалалар санымен өлшенеді.

С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың ақпарт және ақпараттандыру департаменті сайтты сапалы материалдармен толтыруды, жарияланған ресурсты іздеу жүйесінде индексстеу, университетті электрондық БАҚ-қа ұсыну, сілтемелерді айырбас жасаумен айналысады.

Ал ғылыми кітапхана қордағы баспа басылымдарын сандық жүйеге енгізу, толық мәтінді басылымдарды электрондық каталогтарға қалыптастыруды қолға алған.

Бұдан өзге, университеттің ғалымдары жоғары Impact-факторы бар ғылыми маңызды жұмыстарды жариялап отырады.

Жалпы оқу орданың ұжымы ғаламторда, әлеуметтік

желілерде университет сайтын кең насихаттауды қолға алған. Бұл жұмыстардың барлығы да нәтижелі болғанын бүгінгі көрсеткіш айғақтап отыр.

С. Торайғыров атындағы ПМУ университетті басқаруды ақпараттандыру бөлімінің басшысы Ольга Науманның айтуынша, айтулы рейтингте еліміздің ұлттық жоғары оқу орындарынан кейінгі бірінші мемлекеттік оқу орда ретіндегі жеңіс – жалпы университет ұжымының тиянақты жұмысының нәтижесі мен жаһандық ғылым-білім кеңістігіндегі профессорлық-оқытушылар құрамының жеткен жетістігі.

«Аталмыш рейтингтің мақсаты – университеттің оқу порталы жұмысын кешенді бағалау. Webometrics рейтингісі ұсынатын мәліметтер оқу орнының білім сапасы мен академиялық мәртебесін бейнелейді. Бұл рейтингтен сайттың көреткіші неғұрлым жоғары болса, университеттің академиялық мәртебесі соғұрлым биік екенін көрсетеді», – деп мәлімдеді Ольга Александровна.

ЛАУРЕАТ ПРЕМИИ ФОНДА ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА



Решением конкурсной комиссии молодой учёный ПГУ имени С. Торайғырова, заместитель декана по научной работе архитектурно-строительного факультета, ассоциированный профессор, доктор PhD Алия Алдунгарова стала обладателем премии Фонда Первого Президента Республики Казахстан, Лидера Нации за лучшие исследования и достижения в области науки и техники.

Научная работа «Исследование устойчивости гидротехнических грунтовых сооружений при воздействии на их основание различных видов деформаций», представленная на конкурсе преподавателем ПГУ имени С. Торайғырова, получила высокую оценку, подтвердила

свою значимость и практическое применение в научной деятельности.

Алия Алдунгарова отличается активным участием в общественной и научно-исследовательской деятельности вуза, имеет более 25 республиканских и международных публикаций, представляла Казахстан с докладами на международных конференциях.

«Я уверена, что моя научная работа способна принести пользу и возможность имплементации ее в реальный сектор экономики очень высока. Награда – это большой стимул для достижения новых вершин. Такая премия имеет особую значимость, она повышает престиж науки», – говорит Алия Кайратовна.

ДОСХАН ЖОЛЖАҚСЫНОВ – ПМУ ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, актер, режиссер, продюссер, сценарист Досхан Жолжақсыновпен кездесу өтті.

Кездесу Досхан Жолжақсыновтың режисерлік жаңа туындысы «Құнбай» көркем фильмінің таныстырылуына арналды.

«Құнбай» фильмі С. Торайғыров атындағы ПМУ профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттері назарына ұсынылып, көрермен ілтипатына ие болды. Оқу орданың зиялы қауымы қазақтың ұлы ақыны Абайдың әкесі Құнбай тұлғасы терең суреттелген фильмді зор ықыласпен тамашалап, жоғары баға берді. Кино туындыдан студенттер де үлкен әсер алып, тәлімі мол ғибрат жинады.

«Құнбай» Досхан Жолжақсыновтың режисер ретінде түсірген

екінші фильмі.

Қонақ студенттерге деген жүрекжарды лебіздерін білдіре келе, фильм жайында қызықты мағлұматтар айтты.

– 48 күн ішінде түсірілген бұл фильм ел зиялыларының да оң бағасына иігуде. Талай жылдар ойымызға қалыптап қойған Құнбайдың бейнесін көрерменге шынайы жеткізу үшін көп тер төктік. Кейінгі ұрпақ бұл кинодан мол тәлім алады деп сенемін, – деді қонақ.

С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры Арын Өрсариев өз сөзінде қонақтың қазақ мәдениеті мен өнеріне қосқан үлесін саралай келе, актер еңбектерін жоғары бағалады.

– Досхан Қалиұлы ұлттық кино өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан актерлердің бірі. Оның туындыларының ұлттық боямы қанық, тағылымы терең. Автор өз еңбектерінде ұрпақ игілігіне өнеге болатын тәрбиелік мәні зор дүниелерді паш етуді басты парыз санайды, – деді университет басшысы.

Кездесу соңында Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Арын Өрсариев Досхан Жолжақсыновқа «С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік



университетінің Құрметті профессоры» академиялық атағын табыс етті.

Павлодар мемлекеттік университетінің 1 курс студенті Бәкіжан Кәкім көрсетілімнен кейінгі ойын былайша өрбітті: «Фильмнің «Ассалаумағалейкүм» деген алғашқы сөзінен басталғаны

көрерменнің ықыласына жол тартқанының белгісі. Кинодан Құнбай тұлғасының тағылымдық бейнесін, биік рухын, тұғырлы тұлғалығын байқадым. Тіпті шешесі Зеренің де аналық бейнесі жақсы ашылған».

СТУДЕНТЫ ОБСУЖДАЮТ, ПОДДЕРЖИВАЮТ, ПРЕДЛАГАЮТ



Активисты студенческой ассамблеи «Бірлік» Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова выразили поддержку инициативы внеочередных парламентских выборов Республики Казахстан.

О своей поддержке инициативы выборов члены научно-экспертной группы АНК и студенты ПГУ им. С. Торайгырова заявили в ходе круглого стола.

Председатель студенческой Ассамблеи «Бірлік» Рамиль Смаилов, открывая мероприятие, отметил, что внеочеред-

ные парламентские выборы – это важный шаг в период серьезных экономических преобразований, от каждого голоса зависит будущее страны. «Я уверен, что студенты ПГУ примут активное участие в выборах 2016 года и отдадут свой голос за достойного кандидата. Ка-

захстанское общество выберет активных, креативных и компетентных представителей, истинных патриотов страны для превращения в жизнь Плана нации Президента».

Кандидат политических наук, профессор Гани Ельмуратов, выступая перед собравшимися, заявил, что в условиях формирования негативных внешних факторов, главным из которых выступает нестабильность мировой экономики, Казахстану необходимо принять превентивные меры. «Мы должны встретить эти риски во всеоружии. В нынешних условиях выборы нового состава Мажилиса и маслихатов представляются политической инициативой наиболее адекватной требованиям ситуации и интересам стабильного, социально-экономического и политического развития Казахстана».

Докладчики также рассмотрели демократические основы порядка проведения выборов. Обсуждение вопросов популяризации казахстанского патриотизма и развития политической культуры среди студенческой молодежи нашло живой отклик среди участников.

ЖАС ЭКОНОМИСТЕР – ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Экономика» кафедрасының студенттері «Unicon» экономикалық олимпиада жеңімпазы атанды.



Бұл байқауға ұйытқы болған: Халықаралық бизнес университеті (UIB).

Сайысқа қатысушылар бүгінгі қоғамда жиі көтеріліп жүрген мәселеге экономист маман ретіндегі өз жолдарын ұсынды. Олар «Қазақстан үшін теңгенің АҚШ долларына шаққандағы курсы еркін айналымға жіберілуі немесе бекітілген курсты ұстанғаны тиімді ме?» деген сауалға жауап іздеді.

Байқауға түскен барлық жұмыстар арасынан алты жоба іріктеліп, финалға өтті.

Павлодар мемлекеттік университетінің жас экономистері бірінші орынға ие болып, жарты миллион теңгені қанжығасына байлап келді.

Студенттердің жобаларын Ұлттық банктің экс басшысы Ораз Жандосов, «Қазақстан Халық банкі» АҚ басқарма төрайымы Үміт Шаяхметова және «Altyn Bank» АҚ Директорлар кеңесінің басшысы Арман Дунаев бағалады.

Жоба жетекшісі, з.ғ.к., қауым-

дастырылған профессор Алексей Титков тың мәлімдеуінше, С. Торайгыров атындағы ПМУ командасының басқа топтардан ерек болғандығы бүгінгі мәселені экономика заңдылықтарына сай шеше білуінде.

– Ұйымдастырушылар жас экономист мамандардың бүгінгі теңгенің АҚШ долларына шаққандағы курсының еркін айналымдағы жағдайы туралы пікірін білу, олардың білімін зерделеуді мақсат етті. Олимпиада нәтижесінде командалар осы екі бағыттың тиімділігін анықтап, кәсіби дұрыс қадам жасау керек болды. Ал біздің команда маман ретінде еркін айналым курсы позициясын ұстанып, тиімді жақтарын дәлелдеп шықты, – дейді Алексей Анатольевич.

С. Торайгыров атындағы ПМУ командасының мүшесі Динара Өтегенованың айтуынша, теңгенің еркін айналымдағы курсы бизнес қауымдастығының креативті қабілеттерін шынай түседі.

НЕМЕЦКИЙ ОПЫТ В МЕТАЛЛУРГИИ

В Павлодарском государственном университете имени С.Торайгырова в рамках реализации ГП ИИР-2 старший эксперт фонда немецкой экономики по международному сотрудничеству SES (Германия), д.т.н. Гизела Элизабет Бартхольд провела семинар для профессорско-преподавательского состава вуза.

SES (служба старших экспертов) – это фонд немецкой экономики по международному сотрудничеству и некоммерческое общество с ограниченной ответственностью, который предлагает всем заинтересованным лицам возможность, после ухода на пенсию активно участвовать в жизни общества, передавая свои знания и умения другим людям, как в своей стране, так и за рубежом.

Результаты исследований Элизабет Бартхольд по выплавке стали и производству сортового проката внедрены на предприятиях Германии, Японии, Кореи и Китая.

Целью семинаров для профессорско-преподавательского состава факультета металлургии, машиностроения и транспорта на тему «Новые металлургические технологии в сталелитейной промышленности Германии» является изучение опыта немецких металлургических компаний в разработке и внедрении инновационных технологий по повышению качества стали и проката, а также конкурентоспособности предприятий и возможности их адаптации на предприятиях Казахстана.

Приезд старшего эксперта из Германии вызвал большой интерес металлур-



гов Павлодарской области. В семинарских занятиях участвуют не только преподаватели нашего университета, но также руководители и специалисты ведущих металлургических предприятий региона (ПФ ТОО «Кастинг», ТОО «KSP Steel» и др.).

Для магистрантов, обучающихся в рамках ГП ИИР-2, Гизела Элизабет Бартхольд проводит занятия по дисциплине «Процессы металлургии и рециклинг».

В соответствии с концеп-

цией полиязычного образования занятия проводятся на английском и немецком языках.

«Сотрудничество с ведущими экспертами в металлургии Германии позволит нам в дальнейшем применить опыт организации производства в решении проблем качества при выплавке стали и производстве сортового проката и бесшовных труб. Полученные знания от ведущих немецких компаний помогут в исследованиях и

преподавательской деятельности», – сказал директор офиса регистратора, к.т.н., ассоциированный профессор Павлодарского госуниверситета Петр Быков.

В результате непосредственного общения ученых ПГУ имени С. Торайгырова с экспертом из Германии уже найдены общие точки соприкосновения научных интересов и обозначены перспективы дальнейших совместных исследований.



«Серпін - 2050» — «Мәңгілік ел жастары — индустрияға» бағдарламасы аясында кадр тапшылығы жою және жастарды жұмыспен қамту мақсатында тікелей мемлекет тапсырысы бойынша жүзеге асып жатқан әлеуметтік жоба.

Бұл жобаның нысанасы — еліміздің оңтүстік аймақтарының талапкерлерін солтүстік өңірлердің жоғары және кәсіптік орта оқу орындарында білім алу үшін бағыттау. Демек, жоба бойынша Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда,

ететін оқу орындары бар аймақтарда білім алу неғұрлым тиімдірек екені жобада ескерілген.

Ал Павлодар облысы Қазақстанның қуатты индустриялық орталығы саналады. Мұндағы оқу орындар еңбек нарығының қажеттілігіне сай мамандар дайындап, студенттерінің білімдерін тәжірбиелік жағынан ұштау үшін кәсіпорындарда дағдылануына ықпал етеді. Осылайша, С.Торайғыров атындағы ПМУ кәсіпорындармен өзара серіктестік



Маңғыстау облыстарының мектеп түлектері Павлодар, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарының оқу орындарына оқуға түсе алады.

Жобаның алғаш тұсауы кесілген 2014-2015 оқу жылында мемлекет өз атауына сәйкестендіріп, талапкерлерге 2050 грантты тағайындады. 2015-2016 оқу жылында грант саны 6200-ге өсті.

Айтулы бағдарлама жыл сайын еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес толықтырылып отырады. Мәселен, былтырғы жылы педагогикалық мамандықтарға баса назар аударса, келесі оқу жылында техникалық мамандықтарға басымдық берілді. «Серпін-2050» бағдарламасы республикалық үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұрат Әбеновтің айтуынша, ендігі оқу жылында «Серпін-2050» жобасының кәсіптері қатарына медециналық мамандықтар қосылады.

Быылғы оқу жылында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде еліміздің оңтүстік аймақтарынан келген 300 «Серпін-2050» бағдарламасының грант иегерлері білім алуда. Аталмыш бағдарлама техникалық мамандықтарға баса ден қойғандықтан, Павлодар мемлекеттік университетінде оқып жүрген «серпіндіктер» техникалық мамандықтарды игеруде.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕБЕП

Еліміздің экономикасын өркендету мақсатында солтүстік аймақтарда өндіріс орындары, кәсіпорындар көптеп ашылуда. Сол себепті, ірі зауыттар мен кәсіпорындары бар, сол өндіріс орындарын кадрмен қамтамасыз

ынтымақтастықта бірлесе ел игілігіне еңбек етуде. Жобаны жасаушылар болашақ мамандардың сапасына осы сынды экономикалық салдардың тікелей әсер ететінін дөп байқаған.

Соңғы мәліметке сәйкес, Қазақстан халқы 17 млн. 600 мыңды еңсеріпті. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің баспасөз қызметінің ақпаратына сүйенсек, олардың 8,6 млн-ы ғана еңбекке қабілетті азаматтар. Сол жұмысқа қабілетті азаматтардың көбісі оңтүстік өңірлерге тиесілі екені тағы белгілі. Сондықтан, бұл жоба елдегі еңбек нарығындағы теңдікті қамтамасыз ету мақсатында халқы қалың өңірлердегі жұмыссыздық мәселеселесін шешуге және тұрғын саны аз бірқатар аймақтарда демографиялық өсім көрсеткішінің артыуына ықпал етуге өз септігін тигізеді.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛДАР

Жобаның үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұрат Әбеновтің мәлімдеуінше, бұл бағдарлама бірқатар әлеуметтік мәселенің түйінін шешуге себепші болады. Тарқатып көрелік, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенованың былтырғы мәліметі бойынша 2050 жылға қарай еліміздің солтүстік өңірлеріндегі халық саны шамамен миллион адамға қысқарып, оңтүстік аймақтарда бұл 5,2 миллион адамға өседі. Яғни, еліміздің солтүстік және оңтүстік аймақтарындағы бала туу көрсеткішінің алшақтығы нәтижесінде оңтүстік өңірлерде жұмыссыздық өсіп, солтүстік облыстарда жұмыс күшінің жетіспеу үрдісі жүреді. Бұл бағдарламаны алдағы уақытқа жасалған мұндай сараптамалық қорытындыға жауап яки

ЖАСТАРҒА СЕРПІЛІС БЕРГЕН «СЕРПІН»

«Қазақстан – 2050» Стратегиясының негізгі басымдықтарына сай Қазақстан Республикасы алдында әлемнің дамығын 30 мемлекеттері қатарына кіру межесі тұр. Жаһанның дамыған елдері тізімінен орын алу үшін білікті мамандар даярлау мәселесі мемлекеттің басты назарына ілінді. Бұл мәселенің бір ұшын «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» әлеуметтік жобасы арқылы шешу көзделуде. Айтулы жоба Елбасының қолдауымен пилотты түрде өз жұмысын бастап кетті.

шешім деп қабылдауға да болады.

Мұрат Әбенов өз сөзінде «Серпін-2050» бағдарламасымен білім алып жүрген студенттердің 85 пайызы көп балалы отбасыларынан шыққандар және 83 пайызы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының балалары екенін айтып өтті. Оңтүстік өңірлердің балаларына аймаққа бөлінген гранттар саны да жете бермейді. Сондықтан олардың ақылы оқуына тура келеді. Бұл көп балалы жанұяларға қаржылай ауыртпашылық болатыны сөзсіз. Олай болса, жоба аз қамтылған көптеген шаңыраққа зор көмек болатыны анық.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

«Серпін» бағдарламасы талапкерлердің мамандық таңдауына да баса назар аударады. Мұрат Әбеновтің айтуынша, «Серпін-2050» жобасы бойынша грант иегері болу үшін оқу орындары мен мамандықтарды таңдау маңызды.

Бүгінгі жастар мамандықты дұрыс таңдай алмауынан, қолына диплом алғаннан кейін көп қиындықтарға тап болып жатады. «Бұл бағдарлама іске қосылмас бұрын Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыссыз жастар арасында зерттеу жұмысын жүргіздік. Ондағы мақсат – жұмыссыздық салдарын анықтау. Сауалнамаға қатысқан жұмыссыздардың 78 пайызы ата-ананың айтқанымен мамандық таңдаған. Олар жалпы саны 500-ден асып жығылатын мамандықтардың 200-інің атауын білмейді де. Мамандықтың дұрыс таңдалмауына ақпараттың жетіспегендігі себеп бо-

лелешекте бұл мамандар қандай ұжымда болса да өз орнын тауып, еңбекке икемді болып шығады», – дейді.

ТӘРБИЕ – БІЛІМ БАСТАУЫ

«Серпін-2050» жобасы Мемлекет басшысының қолдауымен адымдап қадам жасап келе жатыр. Бұл жоба аясында білім алып жүрген студенттер алдында тек жақсы маман болу ғана емес, өз елін сүйетін патриот, алғыр да өнегелі азамат болу мақсаты бар. Себебі балаларын алыс сапарға жіберген елі, ата-анасы, ағайыны, мемлекет, тіпті Елбасының өзі оларға зор үміт артып отыр. Сондықтан олар ел болашағына немғұрайлы қарамай, қоғам өміріне белсене атсалысуға барын салады.

Осы оқу жылы басында С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «ПМУ мистрі» байқауында іріктеліп алынған жігіттердің қатарынан оза шауып, университеттің жігіт сұлтаны болып «Серпін» бағдарламасымен оқып жүрген жаратылыстану және химиялық технологиялар факультетінің 1 курс студенті Ерғеш Ердаулет атанды.

ҚАРА ШАҢЫРАҚ ҚҰШАҒЫНДА

Павлодар мемлекеттік университетінде «Серпін» бағдарламасымен білім алып жүрген студенттермен «Нұр Отан» ХДП партиясы облыстық филиалы және Қазақстан халқы Ассамблеясы жастар бірлестіктері үйлестіру кеңесінің өкілдері кездесті. Сондай-ақ, жуырда ғана студенттермен «Серпін-2050»

сапалы білім алуына жағдай жасалған. Мұнымен қоса, олардың келуімен жаңа жатақхана студенттер игілігіне берілді.

Тағы да Мұрат Әбенов өз сөзінде Павлодар мемлекеттік университетінде «Серпін-2050» бағдарламасымен білім алып жүрген студенттер үшін бизнес орталық құру туралы айтып өтті. Қонақ білім ордада бизнес инкубатордың құрылуына бар алғышарттар жасалғанын және студенттің кәсіпкерлікпен айналысып, табысты болу жолы оқу орданың даму қағидастарына сай екенін жеткізді.

Сонымен қатар, оңтүстік аймақтардан білім іздеп келген студенттер Мұрат Әбдумалитұлына мазалаған сауалдарын қойып, С.Торайғыров атындағы ПМУ білім сапасы мен жатақханадағы тұрмыстық жағдайларымен бөлісті. Студенттер С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне оқуға келгендеріне дән риза екендерін айтып, ректорға өз тараптарынан алғыстарын білдірді.

Кездесу барысында С.Торайғыров атындағы ПМУ ректоры Арын Өрсариев студенттерді сапалы білім алуға шақырды. «Жар-ты ғасырдан астам тарихы бар жоғары оқу орны өз студенттерінің өмірде табысты болғанын қалайды. Сондықтан, біз студенттеріміздің табысты болуы үшін сапалы білім беруді мақсат етеміз», – деді университет басшысы.

Р.С. «Сапалы білім», «білікті маман», «жұмыссыздықпен күрес» дедік, дегенмен, бүгін бұл аймаққа білім қуып келген үлбіреген жеткіншектер Ертістің Баян өңірінен тамыр жайып, өсіп-өркендеп, облыстың, Қазақ Елінің жарқын



лады», – дейді Мұрат Абдуламұлы.

Айтулы бағдарламаның республикалық үйлестіру кеңесінің төрағасы өз сөзінде «Серпіндіктердің» еліміздің әр жоғары оқу орындарында білім алып, кәсіпке үйренуінің өзі оларды бәсекеге қабілетті болуға итермелейтінін айтады. Ол: «Олар белгілі бір ортадан шығып, үйінен, жақындарынан алшақ жерде жүріп, басқа ортаға, басқа мәдениетке бейімделіп, шындалып шығады.

бағдарламасы республикалық үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұрат Әбенов жоспарлы кездесуін өткізді. Кездесуде «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырудағы нәтижесі талқыланды. Кездесу барысында қонақ С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың тыныс-тіршілігін көріп, материалдық-техникалық базасымен танысты.

Университетте «Серпін» бағдарламасымен білім алып жүрген студенттердің жайлы қоныстануына,

болашағына қызмет етуі – маңызға ие.

Сөзімізді Мұрат Абдуламұлының сөзімен тәмам етсек: «Серпін-2050» жобасына тәуекелшіл, өзгерістерден жасқанбайтын, белсенді, өнерлі, білімге құмар, өзге өңірлерде оқып, қажет болса сол өңірлерде қалып, еліміздің жарқын болашағына жұмыс істеуге бел байлаған жастардың қатысуын құп көреміз».

Жанар ЕЛЕШОВА

ВЗАИМОПОЗИТИВНАЯ МАТЕМАТИКА ГЛАЗАМИ ЖЕНЩИНЫ



В этом номере у нас в гостях Гульжихан Бейсембаевна Шинтемирова – кандидат физико-математических наук, профессор, почетный работник образования Республики Казахстан, которая в этом году отмечает свой юбилей и трудится на ниве науки уже без малого 47 лет. Хочется отметить, что интервью с такой удивительной по глубине женщиной опровергает многие стереотипы в отношении математиков и женщин в науке.

стерство образования КазССР объявило общереспубликанский конкурс по набору студентов в центральные вузы СССР. Когда набор проходил уже во второй раз, я на базе КазГУ сдала экзамены.

В итоге, тем, кто хорошо сдал экзамены в КазГУ, предлагали три места в Ленинграде и пять в Москве. Само-собой, я хотела учиться в Москве, но, чтобы туда пройти по конкур-

Для ученого ведь очень важно увидеть, как работают его идеи.

су, требовался идеальный аттестат без единой четверки. В итоге, я оказалась в Ленинграде.

—Что Вам больше всего запомнилось за те годы учёбы в городе на Неве?

— Больше всего мне запомнился первый год. Как и в любом другом университете, в ЛГУ им. А.А. Жданова был обряд посвящения в студенты.

Суть посвящения была в том, что в торжественной атмосфере на трибуне заседали ответственные лица вуза, такие, как декан, его «замы», кураторы разных уровней и преподаватели. Все эти уважаемые люди по традиции выбирали самого юного из студентов, которые поступили в том учебном году. Как оказалось, по этому критерию подходила я, ведь мне тогда еще и 17 лет не исполнилось.

В итоге, я была удостоена чести сидеть на трибуне с учеными с мировым именем. В то время деканом был А.Д. Александров — член-корреспондент АН СССР, ученый-математик, известный на весь мир.

И вот я с ними сидела и зажигала свечу. Эта свеча была символом знаний, своего рода «светоч» и я — юная студентка — должна была её зажечь. А вообще наш математико-механический факультет был как отдельное государство и располагался отдельно на Васильевском острове.

—Я знаю, что Вы ведете активную научную работу. Можно ли очень упрощенно, «на пальцах», объяснить ваши изобретения и сферу ваших интересов?

— Ну, начнем с того, что, в



1967 году, на момент окончания ЛГУ я имела очень мощную теоретическую и практическую базу. Затем меня направили на дальнейшую двухлетнюю стажировку по специальности «прикладная математика». Моим руководителем был И.В. Романовский — очень известный ученый в области кибернетики и прикладной математики. В том, какую мощную базу знаний я там смогла получить, конечно, его заслуга. Он очень много дал мне как ученый.

После окончания стажиров-

В то время студенты из Казахстана образовали своего рода землячество, во главе которого стоял Мурат Ауэзов.

ки я не смогла дальше продолжать учёбу в аспирантуре, ведь к тому моменту у меня уже родилась дочка. Естественно, мое целевое место пропало. Поэтому я решила устраивать свою научную деятельность в Алма-Ате, где как раз было вакантное место для сотрудника на обучение в аспирантуре в Москве в Вычислительном центре АН СССР.

Тогда лабораторию возглавлял Н.Н. Моисеев, академик АН СССР, очень известный ученый в области прикладной математики и общей механики, и известный работами по космической динамике. В авангарде их исследований была теория дифференциальных игр с противоположными интересами.

Но наибольшую известность его исследования приобрели, когда он разработал вместе с командой ученых ВЦ АН СССР математическую модель, которая имитировала, что будет после ядерной войны. Крупномасштабные эксперименты на ЭВМ-комплексе очень четко показали, что после обмена ядерными ударами наступит так называемая «Ядерная зима». Это значило, что в атмосферу поднимутся миллионы тонн пепла, который закроет солнечный свет, как минимум, на 9 месяцев. В результате наступит резкое похолодание и при отсутствии Солнца исчезнут растения. То есть те, кто выжили бы после непосредственных ядерных ударов, вскоре погибли бы от холода и невозможности прокормить себя.

Примечательно, что аналогичные исследования проводили и американцы, но их интерес ограничивался только Северной Америкой, а модель Н. Моисеева доказывала, что тонны пепла, движимые воздушными потоками, вскоре распространились бы и на Южное полушарие, таким образом, закрыв всю планету.

Отношения у меня со студентами взаимопозитивные

В общем, имитационная модель Н. Моисеева совершенно четко проиллюстрировала, что для человечества атомная война совершенно самоубийственна.

—Вы родились после войны, вспомните своё самое яркое событие и самое сложное воспоминание из детства.

— Я родилась в городе Учарал, который раньше был селом в Талдыкорганской области, и через шесть месяцев после моего рождения родители переехали в сам Талдыкорган. Отец занимал партийную должность,

Команда ученых Вычислительного центра АН СССР разработала математическую модель, которая имитировала, что будет после ядерной войны.

его направили туда возглавлять, если мне не изменяет память, Потребсоюз. Мама была учительницей математики, преподавала в казахской школе.

Но, если говорить о ярком воспоминании из детства, то был один такой случай. У меня была подруга, старше на один год. Когда ей подошел возраст идти в школу, и ее начали собирать, я поставила своим родным ультиматум, что тоже хочу учиться. Все это сопровождалось слезами и топаньем ножками. Родители уступили, и я пошла в первый класс, хотя мне было тогда всего 6 лет. Так что, можно сказать, что я с малых лет уже умела отстаивать свое мнение.

А вообще, особенно болезненные воспоминания из детства мне на ум не приходят.

Может быть, это оттого, что я была старшей из девочек в семье и мне с ранних лет пришлось за всеми младшими приглядывать. Когда закрылась казахская школа и вместо нее открыли школу-интернат, моя мама была вынуждена проводить там большую часть дня как воспитатель и преподаватель. Так, я рано научилась готовить, следить за детьми и у меня попросту не было времени на лирические отступления.

—А когда Вы решили, что будете заниматься точными науками, математика стала Вашим осознанным выбором?

— Математика нравилась мне еще со школьных лет. Может быть, тут определенную роль сыграла моя мама, которая преподавала эту науку в школе. Между тем, моя любовь к математике была взаимной и решение задач и уравнений у меня всегда хорошо получалось. Кроме того, я много раз

Имитационная модель Н. Моисеева совершенно четко проиллюстрировала, что для человечества атомная война совершенно самоубийственна.

получала первые места на разных олимпиадах.

Уже со школьных лет я знала, что свяжу свою профессию с этой наукой. К тому времени, как я оканчивала школу, Мини-



Если же говорить о моих научных изысканиях в лаборатории Моисеева, то я сфокусировалась на так называемых игровых постановках динамических систем управления. К примеру, иерархия на заводе такая: 1 ступень – директор, 2 – цеха с их начальниками и целевыми задачами. Директор имеет одну целевую функцию – управлять заводом в целом, а у цеховых подразделений функции варьируются. Но при этом все они взаимодействуют. Моя задача состояла в том, чтобы выработать такую модель, при которой решались бы задачи и глобальные, т.е. на уровне всего завода, и локальные, т.е. на уровне цехов.

Для преподавателя очень важно видеть плоды своих трудов и что его работа не проходит даром.

Нужно было учесть множество факторов и переменных, чтобы модель могла работать. Причем модель, или, вернее, стратегия, была рассчитана на разную периодичность – от месяца до года.

Главный приоритет таких исследований был в том, что теория дифференциальных игр в

